

Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе та-анасының қамқорлығынсыз алған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар атарындағы азаматтарды жұмысқа рналастыру үшін жұмыс рындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 506 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2017 жылы 9 қаңтарда № 4059 болып тіркелді. Күші жойылды - Жетісу облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 22 ақпандағы № 97 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жетісу облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 22.02.2024 № 97 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 9) тармақшасына, "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 13898 тіркелген) сәйкес, Ақсу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан, ұйымдар үшін ұйым жұмысшыларының тізімдік санының бір пайызы мөлшерінде ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қорғанбаев Сәбит Бейсебековичке жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК